Мүгедектер арасындағы халықаралық спорт жарыстарындағы жоғары спорт нәтижелерінің бір жолғы сыйақысын төлеудің тәртібі мен мөлшері туралы НҰСҚАУЛЫҚ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің Туризм және спорт департаменті 15 қазан 1997 жылғы N 1-2-6/753 Бұйрық. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 3 қыркүйек N 598 тіркелді. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрінің 2005 жылғы 12 қыркүйектегі N 245 бұйырығымен

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрінің 2005 жылғы 12 қыркүйектегі N 245 бұйырығымен.

----------Бұйрықтан үзіндіні----------

Ведомстволық нормативті құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Туризм және спорт департаментінің "Мүгедектер арасындағы халықаралық спорт жарыстарындағы жоғары спорт нәтижелерінің бір жолғы сыйақысын төлеудің тәртібі мен мөлшері туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 3 қыркүйекте N 598 болып тіркелген 1997 жылғы 15 қазандағы N 1-2-6/753 бұйрығының күші жойылды деп танылсын...

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р

*---------- * * * ----------*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісе отырып халықаралық спорт жарыстарда үлкен нәтиже көрсету үшін, мүгедек спортшыларына және олардың жаттықтырушыларына қолдау көрсету үшін бұйырамын:

1. Мүгедектер арасындағы халықаралық жарыстарда үлкен спорттық нәтиже көрсеткен үшін берілетін бір уақыттық қаржылай сыйлықтың өлшемі мен беруі тәртібі туралы нұсқауы бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау дене тәрбиесі мен сауықтыру бөлімі (М.А. Алпысбаев) және қаржы-экономика бөліміне (Шелипанова О.И.) жүктелсін.

Директор

Мүгедектер арасындағы халықаралық спорт жарыстарындағы жоғары спорт нәтижелерінің

бір жолғы сыйақысын төлеудің тәртібі мен мөлшері туралы

НҰСҚАУЛЫҚ

1. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігінің Туризм және спорт департаменті спорт шараларын өткізуге бөлінген қаржы есебінен және мөлшерінде негізгі халықаралық жарыстарда жоғары спорт нәтижелеріне жеткені үшін көру және есту органдары, тіреу-қозғалыс мүшелері кем спортшы-мүгедектерге, сондай-ақ жаттықтырушылар мен мамандарға сыйлық беруді жүзеге асырады.

2. Халықаралық жарыстарда жоғары спорт нәтижелеріне жеткен спортшы-мүгедектерге сыйлық төлеу келесі мөлшерде жүргізіледі:

N п/п	Жарыс атаулары	Орындар және есептеу көрсеткішіндегі сыйлық мөлшерінің коэффициенті		
		1 орын	2 орын	3 орын
1.	Паралимпиадалық ойындар, Саңыраулардың дүниежүзілік ойындары (дейін)	К-80	К-70	К-60
2.	Әлем чемпионаттары (дейін)	К-60	К-50	К-40
3.	Азиялық-Тынықмұхит ойындары (FE PIC) (дейін)	К-40	К-30	К-20
4.	Азия чемпионаты (дейін)	К-20	К-10	К-5

Ескерту: сыйлықтың сомасы коэффициенті жарыстар өткізу кезінде қолданылатын есептеу көрсеткіштеріне көбейту арқылы анықталады.

3. Егер спортшы-мүгедек бір жарыста бірнеше жүлделі орынға ие болса, онда сыйлық әрбір жүлделі орын үшін төленеді.

4. Бір уақытта (бір мәреде) жекелей және командалық біріншілікте 1-3 орын алған спортшы-мүгедектерге, сыйақы, ал жекелей біріншілікте алған орны үшін толық, ал командалық біріншілік үшін 0,5 коэффициенті арқылы төленеді.

5. Спортшы-мүгедектерді немесе командаларды дайындауға тікелей қатысы бар жаттықтырушылар мен мамандар үшін жиынтық сыйақы қоры келесі мөлшерде есептелінеді:

- жарыстардың жекелей түрлерінің бағдарламасында әрбір спортшының сыйақысының мөлшеріне сәйкес 1,5 коэффициентіне дейін;

- жарыстардың командалық түрлерінің бағдарламасында және спорттың командалық ойын түрлерінде командадағы спортшылардың жиынтық сыйақысының мөлшерінің 1,0 коэффициенті бойынша төленеді.

Жеке жаттықтырушы мен мамандардың сыйақысының мөлшері өздері дайындаған спортшы үшін бекітілген сыйақы мөлшерінен аспауы керек.

6. Сыйақыны төлеу жарыстар хаттамасының және Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігі Туризм және спорт комитетінің Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары бөлімі растаған тиісті құжаттар (рапорттар) арқылы жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК